

Шымкент қаласында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы

Шымкент қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 27 қарашадағы № 6530 қаулысы

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 3-тармағының 7-1) тармақшасына және 62-бабының 6-тармағына сәйкес Шымкент қаласының әкімдігі
ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Шымкент қаласында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері осы қаулыға қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. "Шымкент қаласының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны қол қойылған күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған қазақ және орыс тілдерінде электрондық түрде жіберуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Шымкент қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шаралардың қабылдануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Шымкент қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2025 жылғы 1 қаңтардан туындайтын қатынастарға қолданылады.

Шымкент қаласының әкімі

Ғ. Сыздықбеков

Шымкент қаласы әкімдігінің
2025 жылғы "27" қарашадағы
№ 6530 қаулысына
қосымша

Шымкент қаласында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері

Шымкент қаласында мектепке дейінгі ұйымдарындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы		

ЖЫЛ	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарындағы тәрбиеленушілер саны	Мектепке дейінгі ұйымдарда бір	Бір тәрбиеленушіге бір күнге ата-ана төлемақысының мөлшері (теңге) (арнайы мектепке дейінгі ұйымдар мен коррекциялық топтарын қоспағанда)

			тәрбиеленушіге жұмсалатын шығыстардың орташа құнының бір айдағы мөлшері (теңге)					
	Мемлекеттік мектепке дейінгі ұйым	Жекеменшік мектепке дейінгі ұйым	Мектепке дейінгі ұйымдағы жалпы дамыту топтары (10,5-сағаттық режимдегі топ)	Мектепке дейінгі ұйымдағы жалпы дамыту толық емес күн болатын топтар)	Мектепке дейінгі ұйымдағы санаторлық топтары (10,5-сағаттық режимдегі топ)	Мектепке дейінгі ұйымдағы коррекциялық топтары (10,5-сағаттық режимдегі топ)	Мемлекеттік мектепке дейінгі ұйым мен мемлекеттік тапсырыс орналастырылған жекеменшік мектепке дейінгі ұйым (жас ерекшелігіне қарай)	
							3 жасқа дейін	3-6 жас
2025	18381	58955	55659	24550	83315	100613	544,58	686,04

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК